Бекітемін:
КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
меңгерушісі:---------Кусайнова А.Ш
«---»-------------------2021 ж

Тексерілді
КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
әдіскері:------------Сабитова З.А
«01»----------09-----------2021 ж

«Ақ көгершін» / 4 жастан бастап / ересектер тобының
2021-2022 оқу жылына арналған

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Тәрбиешілер: / /Тусипова Л.Б
/ / Тлебалдина М.Б



Сканировано с CamScanner

| Тобы | «Аққогершін» \4-5 жас\ ересек тобы | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқу жылы мен айы | ҚЫРКҮЙЕК 2021-2022 | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | *Денсаулық* | *3* | *Қатынас* | *2,5* | *Таным* | *2,5* | *Шығармашылық* | *3,5* | *Әлеумет* | 0,5 |
| | Дене шынықтыру | 3 | Сөйлеуді дамыту | 1 | Математика негіздері | 1 | Сурет салу | 1 | Қоршаған ортамен таныстыру | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 1 | Құрастыру | 0,5 | Мүсіндеу | 0,5 | | - |
| | | | Орыс тілі | 0,5 | Жаратылыстану | 1 | Жапсыру | 0,5 | | - |
| | | | | | | | Музыка | 1,5 | | - |
| | | | | | Вариативті компонент – математика негіздері | 0,5 | Вариативті компонент – сурет салу | 1 | | |
| | | | | | Вариативті компонент -құрастыру | 0,5 | | | | |

**Балабақша \01.09-03.09\ (1-апта)**

**Мақсаты:** балалардың бойында балабақшаға, балаларға, тәрбиешілерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Тепе-теңдік сақтау жаттығулары»**<br>**Мақсаты:** Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өтуге үйрету | **Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Знакомство»**<br>**Мақсаты:**<br>1.Ввести в активную речь слова по теме. Учить отвечать на вопросы: как тебя зовут? Какая у тебя фамилия? Сколько тебе лет?<br>2. Развивать диалогическую речь.<br>3. Вызвать интерес к изучению русскому языку. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Балабақша біздің ортақ үйіміз»**<br>**Мақсаты:**<br>1.Балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру. (медбике,аспаз).Балабақшаның балаларды көп нәрселерге үйрететінін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру.<br>2. Балабақшада еңбек ететін адамдардың еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>3.Балаларды мейірімді болуға баулу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Дәмді алмалар»**<br>**Мақсаты:**<br>1.Білімділік:балалар алманың суретін сала білуге үйрету.<br>2.Дамытушылық: негізгі түстерді таңдай білуге баулу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық тегіс бояуға үйрету<br>3.Тәрбиелік:ептілікке, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу . | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Алма мен алмұрт»**<br>**Мақсаты:**<br>Б/м: Күз мезгілінде пісетін жемістер туралы түсінік беру. Алма мен алмұртты пішініндегі айырмашылықты анықтау<br>Д/м: Ермексазбен домалақтау, созу тәсілдерін қайталау. Саусақ ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Танымдық қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту<br>Т/м: Еңбекке, тиянақтылыққа, табиғатты аялауға тәрбиелеу. | |
| | | | | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Балабақша әніміз»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу. | |
| | | | | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Балабақша әніміз»**<br>**\қайталау**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу. | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Вариативті компонент** | | | | Вариативті компонент.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Қағаздан не құрастырылады?»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды қағаз түрлерімен,қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру. | |
| **Менің достарым \06.09-10.09\ (2-апта)** | | | | | |
| **Мақсаты:** Отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің еңбек міндеттері; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге ықпал етеді. | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Еңбектеу, өрмелеу»**<br>**Мақсаты:** Бөренеден (диаметрі 15-20 см) аттап өту, 35-40 см жоғары қойылған арқанның астынан еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту дағдыларын дамыту. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Адал дос»**<br>**Мақсаты:**<br>Б/м: балаларға «дос»,«достық» ұғымдары туралы түсінік беру.<br>Д/м: әңгімені тыңдай білуге, мазмұнын түсінуге, кейіпкерлерге, олардың қылықтарына өзінің қатынасын эмоционалды түрде білдіре білуге үйрету.<br>Т/м; достыққа, татулыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Бір және көп. Үлкен және кіші. Шеңбер»**<br>**Мақсаты:**«Бір және көп» ұғымдарын қалыптастыру; заттарды өлшемі (үлкен, кіші) бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру; геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту. | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Достарыма арналған үй»**<br>**Мақсаты: 1.Білімділік:**Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. білуге үйрету.<br>**2.Дамытушылық:** Балаларды қайшымен жұмыс жасауға үйрету, техникалық қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру. Төртбұрыш, шаршылармен үйдің қабырғасын, үшбұрышпен үйдің шатырын жасауға болатынын түсіндіру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.<br>**3.Тәрбиелік:**Нәтижелі жұмыс істеуге, қайырымдылыққа тәрбиелеу | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:«Отбасы шежіресі»**<br>**Мақсаты:**<br>**Білімділік:** Балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту.<br>**Дамытушылық:**Өзінің отбасы туралы әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру.<br>**Тәрбиелік:**Отбасы шежіресі мен мүшелерін құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. |



Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары»**<br>**Мақсаты:** Еденнен бір шеті 15–20 см жоғары қойылған тақтайдың үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5–2 метр), текшелердің, кегльдердің, құрсаулардың, таяқтардың арасымен топпен жүрудағдыларын қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Менің тобым»**<br>**Мақсаты:**<br>Б/м: топпен таныстыру, бөлмелердің аттарын үйрету.<br>Д/м: балаларды сұрақтарға қысқаша жауап беруге дағдыландыру.<br>Т/м: ұқыптылыққа баулу | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай достарымыз»**<br>**Мақсаты:**<br>Білімділік: Адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру.<br>Дамытушылық:Үй жануарларына күтім жасай білу дағдыларын,тәжірибе жұмыстарына қызығушылықтарын,нысандарды салыстыра білу шеберліктерін дамыту.<br>Тәрбиелік: «Жануарларға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Алма бағы»**<br>**Мақсаты:**<br>**1.Білімділік:**Алма ағашын бейнелей білуге үйрету.<br>**2.Дамытушылық:** Алма ағашының құрлысына, ерекшеліктеріне сәйкес оның бөліктерін. Бір- біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету, ағаш дінін қылқаламмен бастыра сызу және жапырақтарымен алмаларын әдемі бояуға жаттықтыру.<br>**3.Тәрбиелік:**Эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Домалату, қағып алу, лақтыру»**<br>**Мақсаты:** Допты шағын төбешіктендомалату; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру дағдыларын дамыту. | | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Мен және менің отбасым»**<br>**Тақырыбы:**<br>**Білімділік:**Балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты шеңберді бүру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға үйрету.<br>**Дамытушылық:**Қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, балалардың қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру; шығармашылық қабілеттерін арттырып, көркемдік талғамдарын дамыту; отбасы мүшелерін атап, сюжетті суреттерде не бейнеленгенін айту арқылы балалардың сөздік қорларын молайту.<br>**Тәрбиелік:**Отбасы мүшелерін сыйлап, қадірлеуге тәрбиелеу. | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің достарым»**<br>**Мақсаты:**<br>Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, есте сақтауға, әнді сергек, шырақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Вариативті компонент** | | | Вариативті компонент.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Ұқсас затты тап» ,«Оң және сол»**<br>**Мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндерді сипатына карай ажырата білуге ұқсас заттарды тауып, атын атай білуге үйрету. Баланың түстерді, пішінді ажыратудағы ой-қиялын дамыту.<br>Кеңістіктің өзіне қарағандағы бағытын айыра білуге үйрету. | Вариативті компонент.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Мысық пен тышқан»**<br>**Мақсаты:**Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты,таза жұмыс жасауға жаттықтыру. | |

| | |
|---|---|
| **Менің сүйікті ойыншықтарым \13.09-17.09\ (3-апта)** | |
| **Мақсаты:** тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған. | |
| | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: « Домалату, қағып алу, лақтыру»**<br>**Мақсаты:** Допты шағын төбешіктен домалату; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, бала кеуделесінің деңгейінде тартылған лентадандопты асыра лақтыру қабілеттерін дамыту.<br>Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар»**<br>**Н.Әлімқұлов.**<br>**(Өлеңді жаттау)**<br>**Мақсаты:**<br>Б/м: балаларды өлең мазмұнымен таныстыру.<br>Д/м: балаларды сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу, сөздік қорын дамыту.<br>Т/м: ойыншықтарын күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар»**<br>**Мақсаты:**<br>1. Балаларға ойыншықтар туралы түсіндіру<br>2.Ойыншықтардың аттарын атап , оларды бір-бірінен түсіне көлеміне қарай ажыратуға үйрету.<br>3.Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Жиһаз»**<br>**Мақсаты:**<br>1.Балаларға жиһаздар туралы мағлұмат беру.<br>2.Ермексазды пайдаланып,қажетті бейнені жасай білуді меңгерту.Заттың пішінін айқын бере білу іскерліктеріне дамыту.Ермексазды алақан арасына салып домалақтай алу тәсілін үйретуді жалғастыру.Саусақ ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру.<br>3.Жиһаздарды аялауға тәрбиелеу. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары»**<br>**Мақсаты:** Құрсаудан құрсауға өтуге үйрету; модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтерілуге және одан түсуге үйрету. Еденнен 12–18см жоғары көтерілген арқаннан немесе тақтан аттап жүру дағдыларын жетілдіру | **Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Игрушки. Кто работает в детском саду»**<br>**Мақсаты:**<br>1.Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы, называть игрушки и работников детского сада на русском языке , использовать в речи подходящие по смыслу глаголы и прилагательные, формировать понятие об обобщающих словах;<br>2.Продолжать работу по развитию понимания русской речи , совершенствовать слуховое внимание и фонематическое восприятие, закреплять правильное произношение гласных звуков,<br>3 Воспитывать интерес к занятием по русскому языку. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Заттар тобын салыстыру.**<br>**Оң жақ – сол жақ»**<br>**Мақсаты:**2-3 санды салыстыру,үлгі бойынша санау; уақыт және кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру,өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалауларын дамыту. | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің достарым»**<br>**\қайталау**<br>**Мақсаты:**<br>Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, есте сақтауға, әнді сергек, шырақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | уважение к труду работников детского сада ,бережное отношение к игрушкам. | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Тепе-теңдік сақтау жаттығулары»**<br>**Мақсаты:** Қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан ( биіктігі 10-15см): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқанбірнеше кедергілерден (леңталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу дағдыларын жетілдіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Менің достарым»**<br>**Мақсаты**: Б/м: адал дос туралы түсінік беру.<br>Д/м: байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптасыру. Өз ойларынан достар туралы жаңа сөздер, сөйлемдер құратуға дағдыландыру.<br>Т/м: достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ата –ананы тыңдаймыз»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ата-ана туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін дамыту. | |
| | | | | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Жолақтағы ою-өрнектер»**<br>**Мақсаты:**<br>**1.Білімділік:**Балаларға қазақ ұлттық ою-ларының суретін салу тәсілдерімен таныстыру.<br>**2.Дамытушылық:**<br>Қолданылатын бұйымдарды ою-өрнектермен безендіру жолдарын геометриялық фигуралар салу арқылы көрсету, үздік сызықтарды қосу арқылы қандай бейне шығатындарын білу көркемдік талғамдарын дамыту.<br>**3.Тәрбиелік:**Ұқыпты, таза жұмыстар орындауға әдемілікті сезіне білу, әлептілікке тәрбиелеу | |
| **Вариативті компонент** | | | Вариативті компонент.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Ұшақтар»**<br>**Мақсаты:** Қағаздың түрлерімен таныстыру,қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп,дайындау. | Вариативті компонент.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Саңырауқұлақ» оригами**<br>**Мақсаты:**<br>1.Қағаз ,оның пайдаланушы туралы түсінік беру.Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету.<br>3.Баланың ой-қиялын ,кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту. | |



Сканировано с CamScanner

**Жиһаздар \20.09-24.09\ (4-апта)**

**Мақсаты:** Балаларға жиһаз түрлерін атап, еске түсіру Жұмсақ, қаттылығын ажырату Бөлмеге қажетті жиһаз түрлерімен таныстыру Жиһаздарды бөлмелерге орналастыру

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы. «Тепе-теңдік сақтау жаттығулары»**<br>**Мақсаты:** Қолдарын жоғары көтеру, түсу, заттардан ( биіктігі 10-15см) құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см аралықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу дағдыларын дамыту. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Үй жиһаздары» (Әңгіме )**<br>**Мақсаты:** Б/м: үй жиһаздарымен таныстыру. Жиһаздардың атауларын дұрыс атауға, олардың қажеттілігі туралы сипаттауға үйрету.<br>Д/м: баланың зейінін, логикалық ойлауын, тілін дамыту.<br>Т/м: жиһаздарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Заттар тобын салыстыру.Оң жақ – сол жақ»**<br>**Мақсаты:**2-3 санды салыстыру, үлгі бойынша санау, уақыт және кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалауларын дамыту<br>Міндеттері:<br>• санау тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды санауды үйрету (3 көлеміндегі сандар);<br>• үлгі бойынша санау, екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтау;<br>• заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру;<br>• қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру;<br>• табиғатты сүюге тәрбиелеу | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Піскен алмалар»**<br>**Мақсаты:**<br>**1.Білімділік:**Қоршаған орта және күзде пісетін жемістер туралы білімдерін кеңейту.<br>**2.Дамытушылық:** Балаларды дәстүрден тыс аппликация- жырту әдісімен таныстыру. Желіммен жұмыс жасаған тиянақты болуға үйрету. Шығармашылық ойын дамыту.<br>**3.Тәрбиелік:**Табиғатты аялауға тәрбиелеу | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Тазалық-таза баланың досы»**<br>**Мақсаты: Білімділік:**Тазалық бұйымдарымен таныстыру Тазалыққа ынталандыру.<br>**Дамытушылық:** Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тәрбиелік:** Балаларды таза жүруге тәрбиелеу. |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жүру»**<br>**Мақсаты:** Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою арқылы жүру дағдыларын дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтар»**<br>**Мақсаты:** Б/м: ойыншықтар туралы әңгіме құрастыруға, ойыншықтардың аттарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету.<br>Т/м: «Ң» дыбысын қайталату, дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Д/м: ойыншықтарды күтің, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Көрнекі ғимарат»**<br>**Мақсаты:**<br>**Білімділік:**Балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арқаны пайдаланып, екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету.<br>**Дамытушылық:** Призма, текше, цилиндр, тақтайша, | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ата –ананы тыңдаймыз» \қайталау**<br>**Мақсаты:** Балаларды ата-ана туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін дамыту | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жалпы дамытушы жаттығулар»**<br>**Мақсаты:**<br>Заттармен және заттарсыз жалпы дамытужаттығуларын орындау.<br>Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер.<br>Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындауға үйрету. | | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Үй жиһаздары»**<br>**( сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** 1.Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету.Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді үйрету.<br>2.Баланың зейінін, логикалық ойлауын, тілін дамы<br>3.Жиһаздарды күтуге тәрбиелеу | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Көкөністер»**<br>**Мақсаты:**<br>**1.Білімділік:**Көкөністер туралы ұғымдарын кеңейту<br>**2.Дамытушылық:** Балалардың сопақша және дөңгелек пішіндерді заттарды сала білу қабілеттерін арттыру. Қосымша түстерді ала отырып қағаз бетін үнемді пайдалануға.<br>**3.Тәрбиелік:**Суретті дұрыс орналастыра сала білуге үйрету. | |
| **Вариативті компонент** | | | **Вариативті компонент.**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Дидактикалық ойын: «Айырмашылығы неде?»**<br>**Мақсаты.** Балалардың геометриялық фигуралар туралы түсініктерін тереңірек қалыптастыру, олардың жай емес "сиқырлы" фигуралар екенін, олардан түрлі ойыншықтар, есептер, ойындар құрастыруға болатынына балалардың көзін жеткізу, қызығушылығын арттыру, ұқсас заттарды бір-бірімен көзбен көру арқылы салыстыра білуге үйрету. | **Вариативті компонент.**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Тасбақа»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру | |

**Менің Қазақстаным 27.09-01.10 (5-апта)**

**Мақсаты:** балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизмді тәрбиелеуге ықпал етеді



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Лақтыру, домалату, қағып алу»**<br>**Мақсаты:** Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оңжәне сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыралақтыру (1,5 м қашықтықта (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет) дағдыларын дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Жиһаздар»**<br>**Мақсаты:** Б/м: балаларды балабақша бөлмелеріндегі жиһаз атауларын атауға, олардың қызметі туралы әңгімелеуге үйрету.<br>Д/м: дыбыстарды дұрыс айта білуге дағдыландыру.<br>Дидактикалық ойындар арқылы сөздің дыбыстау мәдениетін дамыту.<br>Т/м:топтағы жиһаздарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Сандарды салыстыру Тәулік бөлігі. Сол жағында, ортасында, оң жағында»**<br>**Мақсаты:**4 көлемінде санау дағдыларын, тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдірін қалыптастыру.<br>Міндеттері:<br>• заттарды санауды үйретуді жалғастыру;<br>• екі топтағы заттарды санау;<br>• саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу;<br>• әртүрлі, бірақ саны жағынан бірдей заттардан құралған топтарды теңестіруді үйрету;<br>• балалардың тәулік бөліктері туралы ұғымдарын дамыту;<br>• заттардың орналасу ретін сөзбен баяндауды жалғастыру (сол жағында, ортасында, оң жағында);<br>• өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Сәбіз»**<br>**Мақсаты:**<br>Көкөніс түрі сәбізбен таныстыру, денсаулыққа пайдасы жайлы түсінік беру.<br>2.Алақанға салып есіп, сүйірлеу арқылы сәбіз жасауды үйрету.<br>3.Еңбектенуге, ұқыптылыққа баулу. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жалпы дамытушы жаттығулар»**<br>**Мақсаты:** Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Кім көп біледі?»**<br>**Д/о**<br>**Қайталау**<br>**Мақсаты:**<br>Б/м: балаларды ойын арқылы өткен тақырыптарды қайталату.<br>Д/м: сөздік қорларын, тілдерін жетілдіру.<br>Т/м: тапқырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар»**<br>**Мақсаты:**<br>1.Балаларға ойыншықтар туралы түсіндіру.<br>2.Ойыншықтардың аттарын атап,оларды бір-бірінен түсіне,көлеміне қарай ажыратуға үйрету.<br>3.Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Үлкен және кіші сәбіз»**<br>**Мақсаты:**<br>**1.Білімділік:**Сәбіздің суретін сала білуге үйрету.<br>**2.Дамытушылық:** Қылқаламмен сәбіздің бейнесін сопақша пішінге келтіре салуға үйрету. Іс-әрекетке деген қызығушылықтар арттыру. Субояқпен жұмыс техникаларын дамыту<br>**3.Тәрбиелік:**Ұқыпты, таза жұмыс істеуге баулу | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| солға бұрылу, заттарды бір-біріне беру, алға енкеюжәне түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру дағдыларын жетілдіру. | | | | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жүру, жүгіру»**<br>**Мақсаты:** Жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Берілген белгіге көңіл аударуғадағдыландыру. Табан, тізе бұлшықеттерін нығайту. | **Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Осень.Овощи»**<br>**Мақсаты:**<br>1.Продолжать развивать понимание русской речи ,умение правильно отвечать на вопрос «Сколько?».Учить детей называть овощи на руссом языке ,называть их обобщающим словом , формировать представление о труде людей осенью.<br>2.Развивать фонематическое восприятие, внимание, долговременную память и тонкую ручную моторику<br>.Закрепить правильное произношение гласных звуков в чистоговорках;<br>3.Воспитывать интерес к занятиям по русскому языку и аккуратность при работе в рабочей тетради | | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Күздегі ғажайып құбылыстар»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетіне жаттықтыруды пысықтау | |
| | | | | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Күздегі ғажайып құбылыстар» \қайталау**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетіне жаттықтыруды пысықтау | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Вариативті компонент** | | | **Вариативті компонент.**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Аққулар »**<br>**Мақсаты:**Қағаздың түрлерімен таныстыру,ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. | **Вариативті компонент.**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Тышқан»**<br>**Мақсаты:**<br>Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс.Қалдық заттардан ойыншық \тышқан жасауды\ үйрету,баланың қиялын дамыту шығармашылықпен әрекет түге баулу.бастаған істі аягына дейін жеткізе білуге баулу. | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тобы | «Аққогершін» (4-5 жас) ересек тобы | | | | | | | | | |
| Оқу жылы мен айы | ҚАЗАН 2021-2022 | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | *Денсаулық* | 3 | *Қатынас* | 2,5 | *Таным* | 2,5 | *Шығармашылық* | 3,5 | *Әлеумет* | 0,5 |
| | Дене шынықтыру | 3 | Сөйлеуді дамыту | 1 | Математика негіздері | 1 | Сурет салу | 1 | Қоршаған ортамен таныстыру | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 1 | Құрастыру | 0,5 | Мүсіндеу | 0,5 | | - |
| | | | Орыс тілі | 0,5 | Жаратылыстану | 1 | Жапсыру | 0,5 | | - |
| | | | | | | | Музыка | 1,5 | | - |
| | | | | | Вариативті компонент - құрастыру | 0,5 | Вариативті компонент – сурет салу | 1 | | |
| | | | | | Вариативті компонент - математика негіздері | 0,5 | | | | |

**Дені саудың жаны сау (04.10-08.10) (1-апта)**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыру.Жүру,жүгіру,секіру,еңбектену мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Тепе-теңдік сақтау»**<br>**Мақсаты**. Балаларды арақашықтық сақтай білуге дағдыландыру, тепе-теңдікті сақтауға, сап-тізбекте бір-бірден жүру, ирелеңдеп жүру, басты көтеріп тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттықтыру. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Үйдегі қауіпсіздік» (сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты: Б/м**: үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсінік беру, қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру. қауіпсіздік ережелерін түсініп, есте сақтауға үйрету<br>Д/м: қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын дамыту.<br>Т/м: жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1 саны мен цифры. Сол жағында, оң жағында. Шеңбер мен шаршы»**<br>**Мақсаты:**1 цифрымен таныстыру; заттардың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, ортасында), шеңбер, шаршы туралы білімдерін бекіту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Алтын күз»**<br>**Мақсаты: 1.Білімділік:**Мазмұнды сурет салумен таныстыру. Парақ бетін дұрыс бағдарлау арқылы әдемі, ұқыпты сурет сала білу қабілеттерін арттыру.<br>**2.Дамытушылық:** Күзгі ағашты, оның бөліктерін анық етіп салуды үйрету Ағаштың діңін төменнен жоғары қарай жіңішкеретінін, яғни жоғары жағы жіңішке, төмен жағы жуан болатынын түсіндіру. Бұталарын, жапырақтарын көлденеңнен салып үйрету, саусақ қимыл қозғалыстарын еркін пайдалану сызықтарды батыл жүргізу, түстердің үйлесімділігін сезінуге, заттың пішінін ұқсата салуға қалыптастыру.<br>**3.Тәрбиелік:**Шеберлікке, табиғатты сүюге тәрбиелеу | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Жапырақтар әлемі»**<br>**Мақсаты:**<br>**Білімділік:**Балаларға күз туралы ұғым беру.<br>**Дамытушылық:**<br>Күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру.<br>**Тәрбиелік:** Күзде жапырақтардың алуан түрге өзгеруі туралы білімдерін кеңейту. |



Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Лақтыру, домалату, қағып алу»**<br>**Мақсаты:** Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату<br>Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң жәнесол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған(нысана ортасының биіктігі 1,5 м) (1,5 м қашықтықта), қағып алу, допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан), допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуды үйрету. (қатарынан 3–4 рет). | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Менің отбасым» \әңгімелеу**<br>**Мақсаты:** Б/м: отбасы мүшелері және отбасылық сыйластық туралы әңгімелеу.<br>Д/м: әңгіме арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Өз отбасылары жайлы айту арқылы зат есімдерді жекеше көпше түрде қолдана білу дағдыларын жетілдіру.<br>Т/м: үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Күзгі ағаштар»**<br>**Мақсаты: Білімділік:**Балаларды асқабақ тұқымдарын ағаш кимаүлгісінің үстіне жапсырып, күзгі ағаштар суретін құрастыруға үйрету.<br>**Дамытушылық:** Балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз бетіне бастырып, қайшымен қиып алу іскерліктерін дамыта отырып, қайшымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің отбасым,ата-аналар еңбегі»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ата-ана туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін дамыту. | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жүру»**<br>**Мақсаты:** Жылдам қозғалуды, баяу, жылдам жүруді, жүруді жүгіруге ауыстыру іскерліктерін дамыту,қимылдыойындарға деген қызығушылықтарын ояту | | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Менің отбасым» \сурет бойынша әңгімелеу**<br>**Мақсаты:**<br>1.Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету.<br>2.Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту.<br>3. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Банкадағы қызанақ және қияр»**<br>**Мақсаты:**<br>**1.Білімділік:**Көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. Көкөністер туралы білімдерін кеңейту.<br>**2.Дамытушылық:** Балаларға бұрыштарын қайырып, шаршыдан шеңбер, тіктөртбұрыштан сопақша пішіндер қиюды үйрету. Назарларымен ойлау қабілеттерін дамыту. Саусақ икемділіктері мен пейілдерін дамыту.<br>**3.Тәрбиелік:**Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Вариативті компонент** | | | Вариативті компонент. **Математика негіздері.** **Тақырыбы: «Өз үйіңді тап»** \дид ойын\ **Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. | Вариативті компонент. **Сурет салу** **Тақырыбы: «Досыма арналған альбом»** **Мақсаты:**Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.Тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу тәсілдерін меңгерту.Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. | |
| **Алтын күз \11.10-15.10\ (2-апта)** | | | | | |
| **Мақсаты:** көкөніс пен жеміс-жидектердің бау-бақшада өсетіні, олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендерін адам денсаулығына маңызы туралы түсініктерін кеңейту. «Жомарт күз» деп неліктен аталатынын түсіндіру, күз мезгілінің ерекшеліктерін бақылау. | | | | | |
| | | | | | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты | Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы: «Жалпы дамыту жаттығулар»**<br>**Мақсаты:** Кеудеге арналған жаттығулар<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю<br>Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату іскерліктерін дамыту | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Менің отбасым»**<br>**Мақсаты:** Б/м: балаларды «Атай» өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауға үйрету. Тақпақтағы атай туралы айтылған көркем сөздерге мән бере отырып, үлкенді сыйлау, тілін алу керектігін түсіндіру.<br>Д/м: тақпақтағы сөздер арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту.<br>Т/м: отбасым [illegible] отбасы мүшелерін [illegible] пен қарапайымдылыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1 цифры. Жылдам – баяу. Үшбұрыш»**<br>**Мақсаты:** 1 цифры туралы білімдерін бекіту, «жылдам, баяу» ұғымдарын, әртүрлі өлшемдегі үшбұрыштар туралы білімдерін қалыптастыру. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Жолдағы кірпі»**<br>**Мақсаты:** 1. Балаларға кірпі туралы мағлұмат беру<br>2. Ермексазбен шырша қылқандарын пайдаланып, қажетті бейнені жасай білуді меңгерту. Заттың пішінін айқын бере білу іскерліктеріне баулу. Ермексазды алақан арасына салып домалақтай алу тәсілін үйретуді жалғастыру.<br>3. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Фрукты»**<br>**Мақсаты:**<br>1.Продолжать развивать понимание русской речи, умение правильно отвечать на вопрос «Какой?»,закрепить знания детей по теме «Овощи».Учить умению называть фрукты на русском языке, употребляя обобщающие слова. Упражнять в умении образовывать множественные числа существительных в именительном и родительном падежах;<br>2.Развивать устойчивость внимания, словесно-логическое мышление,долговременную память,связную речь , воображение;<br>3.Воспитывать желание говорить на русском языке, трудолюбие , уважение к труду взрослых | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Күзгі жапырақтардың түсуі»**<br>**Мақсаты:** 1.Күз мезгіліне тән белгілермен таныстыру.<br>2.Күзгі маусымда табиғат және табиғат құбылыстарын бақылай білу дағдыларын қалыптастыру,табиғат дауыстарын тыңдай білу(жапырақтың сыбдырын,желдің дауысын,құстардың сайрағанын) шеберліктерін қалыптастыру.<br>3.Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін дамыту және табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Орамалды әшекейлеу»**<br>**Мақсаты: 1.Білімділік:**Пейзаж жанры туралы білім беру.<br>**2.Дамытушылық:** Табиғат ерекшелігін сезіне отырып жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Танымдық қабілеттерін арттыру.<br>**3.Тәрбиелік:**Табиғат сұлулығын бағалай білуге баулу | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: « Жалпы дамыту жаттығулар»**<br>**Мақсаты:** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру дағдыларын дамыту | Сөйлеуді дамыту<br>**Тақырыбы: «Менің көшем»**<br>**Мақсаты:** Б/м туған жеріне, ауылына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Д/м: әңгімеге қатысу, тілді түсіну, үлгі бойынша әңгіме құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Т/м: өз көшесін мақтан тұтуға, тұрғындарына құрметпен қарауға тәрбиелеу. | | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің отбасым,ата-аналар еңбегі»\қайталау**<br>**Мақсаты:** Балаларды ата-ана туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін дамыту. | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Тепе-теңдікті сақтау»**<br>**Мақсаты:** Балаларға басына қалпақ қойып, арқан үстімен бір жақ жанымен тепе-теңдік сақтап жүруді үйрету және допты тура домалату дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына жаттықтыру | | | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің көшем»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салуға үйрету. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындауға жаттықтыру.<br>Әртүрлі сипаттағы музыка тыңдау дағдыларын қалыптастыру | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Вариативті компонент** | | | **Вариативті компонент.Құрастыру** **Тақырыбы: «Сиыр»** **Мақсаты:** Сурет салуға қызығушылығын арттыру,қарындашты оң қолымен ұстауға үйрету,жаттықтыру. | **Вариативті компонент.Сурет салу** **Тақырыбы: «Гүлдер.Қағаздан біріктіру»** **Мақсаты:**Өз қолдарымен қағаздан әртүрлі гүлдер жасауға үйрету.Шаршы қағазды теңестіре,тігінен көлденеңінен бүктеу дағдыларын жетілдіру. | |
| **Күз сыйы \18.10-22.10\ (3-апта)** | | | | | |
| **Мақсаты:** егін науқанына дайындық: егін алқабын жырту, бидай тұқымын себу, нанның дастарханға қалай келетіні туралы түсінік беру; диқан, наубайшы еңбегімен таныстыру, олардың еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу | | | | | |
| | | | | | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жалпы дамыту жаттығулар»**<br>**Мақсаты:** Кеудеге арналған жаттығулар<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю.<br>Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату іскерліктерін дамыту. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Алтын дән» \Құлаш Ахметова\ өлең**<br>**Мақсаты: Б/м:** еңбекке деген қызығушылықтарын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету.<br>Д/м: сөздік қорларын, тілдерін дамыту.<br>Т/м: адамгершілікке тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «2 саны мен цифры. Үшбұрыш. Қысқа – ұзын. Жақын – алыс»**<br>**Мақсаты:**2 цифрымен таныстыру; «ұзын, қысқа, тар, кең» ұғымдарын және дөңгелек туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Міндеттері:<br>• 2 саны және цифрымен таныстыру;<br>• 2 цифрын жазып үйрену;<br>• дөңгелек туралы білімін ныгайту, оны өзге пішіндердің арасынан табуды үйрету;<br>• дөңгелектің көлемі жағынан әртүрлі болатынын түсіндіру;<br>• «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра білуге үйрету;<br>• «қысқа», «ұзын» ұғымдарын айыра білуге үйрету;<br>• өзара көмектесе білу сезімдерін тәрбиелеу. | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Қонжыққа арналған пирамида»**<br>**Мақсаты:**<br>**1.Білімділік:**Қоршаған орта және ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту.<br>**2.Дамытушылық:** Балалар ойыншықтардың келбетін көшіріп, аппликация жасауға үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Қайшымен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын арттыру.<br>**3.Тәрбиелік:**Ойыншықтарын ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Тыраулайды тырналар»**<br>**Мақсаты: Білімділік:** Балаларды тырнамен таныстыра отырып, құстың ерекше қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дамытушылық:** Адамның құстарға қамқорлық көрсетуінің маңыздылығы туралы білімдерін қалыптастыру; тырналардың күзде жылы жаққа ұшып кетуіне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру. **Тәрбиелік:** Құстарды аялау сезімдеріне тәрбиелеу. |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Секіру»**<br>**Мақсаты:** Балаларға бір орында екі аяқты қосып, тұрған жерін айналып секіруді үйрету, сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру, еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүруге дағдыландыру,ептілікке тәрбиелеу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Бағдаршам,көлік түрлері»**<br>**Мақсаты: Б/м:** бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру<br>Д/м: қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту.<br>Т/м: жолда жүру ережелерін сақтауға тәрбиелеу. | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Бейбітшілік құсы-қарлығаш»**<br>**Мақсаты: Білімділік:**Балаларға қатырма қағаздан жолақтар қиып, бүгу арқылы қарлығашты құрастыруға үйрету"көктемгі әрекет, күзгі берекет" мағынасын түсіндіру.<br>**Дамытушылық:**Қарлығаш құсы туралы білімдерін кеңейту, қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын бір-бірлерінен ажырата білу; қол саусақ моторикаларын, эстетикалық талғамдары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Тәрбиелік:**Жасалған жұмыстың сапасына көңіл аударып, бағалау қабілетін қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: « Қандай заттың пішіні дөңгелекке ұқсайды?»**<br>**Мақсаты:**<br>**1.Білімділік:**Үрлеу тәсілі арқылы парақ бетіне түрлі пішіндерді сия тамшылары арқылы бейнелей білуге үйрету.<br>**2.Дамытушылық:** Танымдық қабілеттерін арттыру.<br>**3.Тәрбиелік:**Эстетикалық талғамдарын дамыту. | |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жүгіру»**<br>**Мақсаты:** Балаларды кедергі заттардынарасынан хоп-фитболмен жүгіруге үйрету;<br>2 м қашықтықтан допты екі қолымен басынан асыра себетке лақтыруға дағдыландыру; төзімділік пен ерік сапаларына тәрбиелеу | | Жаратылыстану<br>**Тақырыбы: «Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік»**<br>**Мақсаты:**<br>1. Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру.<br>2. Қауіпсіздік ережелерін түсініп,есте сақтауға үйрету.<br>3. Қауіпті жағдайларды ескере отырып,үлкендердің айтқанын тыңдауға тәрбиелеу. | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Менің көшем» \қайталау**<br>**Мақсаты:**Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату.<br>Әнді мәнерлеп айтқызу.Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салуға үйрету. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындауға жаттықтыру.<br>Әртүрлі сипаттағы музыка тыңдау дағдыларын қалыптастыру | |
